Шығыс № 09 - 1726
20 25 ж. " 21 " 10
Қолы

"Бекітемін"
Өндіріс жөніндегі
басқарушы директор
_____А.Б. Туганбаев
"_____" _____2025 г.

№ 27 ХАТТАМА
«ТАЭТК» АҚ техникалық кеңесі

г. Талдыкорган **10 қазан 2025 жыл**

Қатысқандар:
Өндіріс жөніндегі басқарушы директор Туганбаев А.Б.
Техникалық директор Илипбаев Д.Ш.
ӨТҚ бастығы Медетбеков А.А.
САжӨҚБ бастығы Иманбалина К.Ж.
ЭБЖҚ бастығы Лятиев Р.Р.
КҚЕБ бастығы Қожақапанов М.Б.
Сарқан ЭЖА бастығы Орумбаев С.Т. «ZOOM» бағдарламасы бойынша

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2025 жылғы 30 шілдеде шыққан №22 техникалық кеңесте көрсетілген - №52 «Шымыр» 35/10 кВ ҚС жөндеу жұмыстарының қаражатын №132, №133 110 кВ ЭБЖ және №27, №28, №30 35 кВ ЭБЖ жөндеу жұмыстарына ауыстыру.

Күн тәртібі мәселесі бойынша сөз сөйлеген:

- Техникалық директор Илипбаев Д.Ш. №132, №133 110 кВ ЭБЖ бойынша, Жетісу облысының солтүстік бөлігіне электр энергиясын жеткізетін желіде оқшаулағыштардың тесуіне байланысты апатты ажыратулар жиілеп кеткені туралы хабарлады.

Ағымдағы жылдың басынан бері жоғарыда айтылған желілерде 31 рет ажырату тіркелген. Бұл жағдай әлеуметтік маңызы бар нысандардың да электрмен қамтылуына қауіп төндіреді. Жылыту маусымы басталғанын ескере отырып, электр энергиясын үздіксіз беру аса маңызды міндет болып табылатынын айтты.

- ЭБЖҚ бастығы Лятиев Р.Р. 110 кВ №132 және №133 әуе электр жеткізу желілері 1974–1976 жылдары пайдалануға берілгенін баяндады. Бүгінгі таңда бұл желілердің физикалық тозу деңгейі 100%, сондай-ақ құрылымдық элементтері моральдық тұрғыдан ескірген. Атап айтқанда, 45 жылдан астам уақыт пайдаланылған изоляторлардың техникалық жағдайы сын көтермейді. Бұл изоляторлар өзінің механикалық

және электрлік сипаттамаларын жоғалтқан, нәтижесінде апаттық жағдайлардың және электрмен жабдықтаудың сенімділігінің төмендеу қаупі артып отыр. Сол себептен ескі ПФ-70 изоляторларды жаңа ПС-70 изоляторларына ауыстыру қажет.

- ӨТҚ бастығы Медетбеков А.А. №27, №28 және №30 35 кВ ЭБЖ объектілеріне арналған ЖЖМ шығындарын есептеу барысында материалдарды жұмыс орнына жеткізуге кететін шығындар ескерілмегенін хабарлады. Осыған байланысты тасымалдау жұмыстарын толық көлемде қамтамасыз ету үшін жанармай жетіспеушілігі туындаған. Көлікпен қамтамасыз ету бөлімінің есептеуіне сәйкес №27, №28 және №30 35 кВ ЭБЖ объектілеріне материалдарды жеткізу үшін қосымша 1215 литр дизель отынын, жалпы сомасы 390 537,45 теңге (ҚҚС-сыз) мөлшерінде бөлу қажет екенін айтты.

Тапсырма берілді:

- САжӨҚБ бастығы Иманбалина К.Ж. №132, №133 110 кВ ЭБЖ қажетті мөлшерде ПС-70 изоляторлары және №27, №28, №30 ЭБЖ 1215 литр дизель отыны сатып алу порталы бойынша алынсын.
- ӨТҚ бастығы Медетбеков А.А. аталған жұмыстарға жұмсалған қаражат 2025 жылғы 30 шілдеде шыққан №22 техникалық кеңесте көрсетілген - №52 «Шымыр» 35/10 кВ ҚС жөндеу жұмыстарының қаражатынан алынсын.

Техникалық директор	**Илипбаев Д.Ш.**
ӨТҚ бастығы	**Медетбеков А.А.**
САжӨҚБ бастығы	**Иманбалина К.Ж.**
ЭБЖҚ бастығы	**Лятиев Р.Р.**
КҚЕБ бастығы	**Қожақапанов М.Б.**